| | | |
|---|---|---|
| **АҚМОЛА ОБЛЫСЫ**<br>**КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ** | | **АКИМ ГОРОДА КОКШЕТАУ**<br>**АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ** |
| **ӨКІМ** | | **РАСПОРЯЖЕНИЕ** |
| 2023.20.09 | | № 48 |
| Көкшетау қаласы | | город Кокшетау |

**2023-2024 жылдардағы жылыту маусымының басталуы туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, «Ақмола облысында жылыту маусымына дайындық және оны өткізу қағидаларын бекіту туралы» Ақмола облыстық маслихатының 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 6 С-5-3 шешімінің негізінде, сыртқы атмосфералық ауа температурасының төмендеуіне байланысты:

1. Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, (бұдан әрі – Кәсіпорын) Көкшетау қаласының № 1 және № 2 аудандық бу қазандықтарынан, Станционный кентінің, Красный Яр ауылының қазандықтарынан бекітілген кестеге сәйкес тұтынушыларды қосу кезектілігін сақтай отырып:

2023 жылғы 21 қыркүйектен бастап 24 сағатқа дейін мектеп және мектепке дейінгі мекемелерге, білім беру мекемелеріне, емдеу-сауықтыру мекемелеріне, балалар үйі интернаттарына, мүгедектер үйіне;

2023 жылғы 25 қыркүйектен бастап 24 сағатқа дейін тұрғын үй қорының нысандарына, мемлекеттік әкімшілік ғимараттары мен жылу энергиясының басқа да тұтынушыларына жылу энергиясын беруді қамтамасыз етсін.

2. «Көкшетау қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2023 жылғы 21 қыркүйек мерзіміне дейін көп пәтерлі тұрғын-үй бөлмелерінің пәтер иелері кооперативтерімен жылу энергиясын беру кестесін келіссін.

3. «Көкшетау Энерго Центр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жылумен жабдықтаушы, сондай – ақ, автономды жылыту жүйелері бар нысандарды үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз етсін.

Сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ. Қызмет бабындағы мақсат үшін көшірмесі шектеулі мөлшерде жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

003923

4. Көп пәтерлі тұрғын үйлердің бөлме меншік иелерінің кооперативтері, бюджеттік мекемелер басшылары, қала ұйымдары мен кәсіпорындарының басшылары жылу беру барысында мерзімдік тексеруді және жылу тасығыш жүйелерінің жұмысына, бөлмені жылыту жағдайына бақылауды ұйымдастырсын.

5. Кәсіпорын апаттық жағдайларда пайдалану үшін қосалқы апаттық – қалпына келтіру бригадаларының, механизмдердің, материалдардың дайындығын қамтамасыз етсін.

6. «Көкшетау қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Көкшетау қаласының әкімдігіне тұтынушыларға жылу энергиясын бергені туралы хабарласын.

7. Осы өкімнің орындауын бақылау Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары Д.Қ. Жүнісовке жүктелсін.

8. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Көкшетау қаласының әкімі** **Б. Ғайса**

**АҚМОЛА ОБЛЫСЫ**

**КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ**

**АКИМ ГОРОДА КОКШЕТАУ**

**АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**ӨКІМ**

**РАСПОРЯЖЕНИЕ**

20.09.2023 № 48

Көкшетау қаласы

город Кокшетау

**О начале отопительного сезона 2023-2024 годов**

В соответствии с Законами Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «Об электроэнергетике», на основании решения Акмолинского областного маслихата от 19 сентября 2016 года № 6 С-5-3 «Об утверждении Правил подготовки и проведения отопительного сезона в Акмолинской области», в связи с понижением температуры наружного атмосферного воздуха:

1. Государственному коммунальному предприятию на праве хозяйственного ведения «Кокшетау Жылу» при акимате города Кокшетау (далее - Предприятие) обеспечить подачу тепловой энергии от районной котельной № 1 и № 2 города Кокшетау, котельных поселка Станционный, села Красный Яр, согласно утвержденного графика, с соблюдением следующей очередности подключения потребителей:

в школьные и дошкольные учреждения, учебные заведения, лечебно-профилактические учреждения, детские дома-интернаты, дома инвалидов до 24 часов 21 сентября 2023 года;

в объекты жилого фонда, государственные административные здания и другим потребителям тепловой энергии до 24 часов 25 сентября 2023 года.

2. Государственному учреждению «Отдел жилищных отношений и жилищной инспекции города Кокшетау» согласовать график подачи тепловой энергии с кооперативами собственников помещений многоквартирных жилых домов в срок до 21 сентября 2023 года.

3. Товариществу с ограниченной ответственностью «Кокшетау Энерго Центр» обеспечить бесперебойную подачу электроэнергии на теплоснабжающие объекты, а также объекты, имеющие автономные источники теплоснабжения.

4. Кооперативам собственников помещений многоквартирных жилых домов, руководителям бюджетных учреждений, организаций и предприятий

Сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ. Қызмет бабындағы мақсат үшін көшірмесі шектеулі мөлшерде жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

003924

города во время подачи тепловой энергии организовать периодический обход и контроль над работой систем теплоносителя и состоянием утепления зданий.

5. Предприятию обеспечить готовность вспомогательных аварийно-восстановительных бригад, механизмов и материалов для использования в аварийных ситуациях.

6. Государственному учреждению «Отдел жилищно – коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных города Кокшетау» информировать акимат города Кокшетау о подаче тепловой энергии потребителям.

7. Контроль за исполнением данного распоряжения возложить на заместителя акима города Кокшетау Жунусова Д.К.

8. Настоящее распоряжение вводится в действие со дня подписания.

**Аким города Кокшетау** **Б. Гайса**